

Күршім ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 наурыздағы "Күршім ауданы бойынша "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" № 82 қаулысының күшін жою туралы

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы N 28 қаулысы

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабының 8 тармағына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабына сәйкес, Күршім ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Күршім ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 наурыздағы № 82 "Күршім ауданы бойынша "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" (Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 3 сәуірде № 3819 болып тіркелген, 2015 жылы 10 сәуірде аудандық "Рауан" - "Заря" газеттерінің № 29 санында жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің аппарат басшысы А.Абилмажиновқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Күршім ауданы әкімінің
міндетін уақытша атқарушы*

М.Қалелов